# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 ҚАҢТАР СЕЙСЕНБІ | 2016 жыл №8 (19093) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

## ДЕПУТАТТАР КӨТЕРГЕН ӨЗЕКТІ БАСТАМА

**Елбасы Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Премьер-министр Кәрім Мәсімовпен консультация өткізді. Кездесуге сондай-ақ Президент Әкімшілігінің Басшысы Н.Нығматулин қатысты.**

Консультация барысында кезектен тыс Парламент сайлауын өткізу туралы Мәжіліс депутаттарының бастамасы қаралды.

Қазақстан Президенті бұл бастама қазақстандықтар арасында кеңінен қолдау тапқанын және мемлекет жүзеге асырып жатқан терең реформалар мен әлемдік нарықтағы ахуал тұрғысынан өзекті болып отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы бастаманың Мәжіліс пен мәслихат сайлауын біріктіруге, қаржылық және ұйымдастырушылық шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік беретініне назар аударды.

Қ.Тоқаев кезектен тыс сайлау өткізу жөніндегі бастама дер кезінде көтерілгенін, өйткені Мәжіліске бүгінде ел алдында тұрған міндеттерді нақты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа мандатын алу қажет екенін айтты.

***

**Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің төрағасы Қабиболла Жақыповпен және Премьер-министр Кәрім Мәсімовпен консультация өткізді. Кездесуге сондай-ақ Президент Әкімшілігінің Басшысы Н.Нығматулин қатысты.**

Елбасы Мәжіліс депутаттарының кезектен тыс Парламент сайлауын өткізу туралы бастамасы түрлі пікірталас алаңдарында, сарапшылар арасында және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланып жатқанын айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев қоғамдық пікірді анықтауға арналған сауалнамада бұл ұсыныстың кеңінен қолдау тапқанын көрсетіп отырғанына назар аударды.

Қ.Жақыпов партиялардың сайлаушылардан жаңа сенім мандатын алу, кең қоғамдық ұйысу, сондай-ақ жүргізілетін реформаларды барлық деңгейде жүзеге асыру үшін Мәжіліс пен мәслихаттар іс-қимылын сәйкестендіру қажеттігі мұндай шешімнің қабылдануына басты себеп болғанын атап өтті.

● ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ИГІЛІГІ

## ҚҰРЫЛЫС КОМБИНАТЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ҚЫЗДЫ

**Былтырғы жыл соңында өткен "Қазақстанды жаңа индустрияландыру. 2015 жыл қорытындысы" атты жалпыұлттық телекөпірде Елбасы Қызылорда үй құрылысы комбинатын іске қосты.**

Қызылорданың алып құрылыс алаңына айналғанына бірнеше жыл болды. Алайда қажетті материалдың дені өзге аймақтардан тасымалданып жүрген болатын. Бүгінде өзекті мәселе шешімін тапты. Өңірде құрылыс материалдары өндірісіне қатысты бірегей жоба қолға алынып, «РМЗ-Шапағат» ЖШС тұрғын үй комбинатын іске қосты. Аталмыш жоба «Өнімділік-2020» бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылды. Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді көздейтін «Өнімділік-2020» бағдарламасы Индустрияландыру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекет басшысы индустрияландырудың екінші бесжылдығы бұрынғыдан да нақтырақ көрініске ие екенін атап өткен еді. Тарқата айтсақ, осы бесжылдықта басымдығы мол 6 сала анықталды. Олар – мұнай өңдеу және металлургия кешені, тамақ және химия өнеркәсібі, өнеркәсіптік жабдықтар және құрылыс материалдары өндірісі. Жалпы, құрылыс саласы экономикалық тұрақты өсудің құрамдас бөлшегі, тиімді тетігі саналады. Сондықтан да аймақта қолға алынған тұрғын үй құрылысы өндірісінің маңыздылығы жоғары.

Кеңестер Одағы кезінде іске қосылып, бетон бұйымдарын шығаруда республика көлеміндегі іргелі кәсіпорынға айналған Қызылорда құрылыс материалдары комбинаты өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары өз жұмысын тоқтатқан еді. Тоқырау уақытының құрсауынан шыға алмаған комбинаттың білікті мамандары амалсыздан ауысуға мәжбүр болған. Енді жаңа комбинаттың ашылғанын естіген бұрынғы жұмысшылар өз кәсіптеріне қайта оралды.

Кәсіпорын жылына 35 мың шаршы метр каркасты тақта үйлерін тұрғызады. Үй салуда сапалы әрі қауіпсіз неміс технологиясын пайдаланады. Біркелкі тұрғын үйлер тұрғызуды тоқтатып, тұрғын үй сәулеті мен фасадтарының тартымды болуына мән береді. Сондай-ақ, бетон жабындылар, астаулар, бетон тіректер мен электр желілерін жүргізетін бағаналар әзірлейді. Арнайы тапсырыстар бойынша ай сайын үш мың текше метр бетон өнімдерін шығарады. Кәсіпорынның сапалы өнімдеріне алдағы уақыттарда да сұраныстар бола беретіні анық.



Қаланың Бас жоспарына сәйкес, Сырдың сол жағалауын игеру басталады. Комбинат өнімдері Сырдарияның солтүстік жағалауынан түсетін осы жаңа шаһардың тез әрі сапалы салынуына үлкен септігін тигізетін болады.

Жалпы, Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығында, яғни, 2015-2019 жылдар аралығында облысымызда құны 153 млрд теңгені құрайтын 30 жоба жүзеге асырылады деп жоспарлануда. Елбасының жыл сайынғы Жолдауларында мемлекеттік саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған бағдарламасы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен өзгерістер әкелетіні анық.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

● БАҒЫТ

## ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

### өңір өндірісінің тұрақтылығын сақтайды

«Әлемдік дағдарыс біздікі секілді экономиканың осал тұсын тағы бір мәрте ашып көрсетті. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі әлі де төмен күйінде қалып отыр, ғылымды дамыту мен ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияларды енгізу қарқыны әлі де баяу», - деді Президент Н.Назарбаев өткен «Нұр Отан» партиясының 16 съезінде.



Коллаж Қ.Оразбаевтікі.

Негізінен шикізат экспортын құрайтын экономикамыз жаһандық дағдарыстың салқынын сезінуде. Мемлекет бюджетінің елу пайызға жуығы мұнай өндіру мен оны экспорттаудан толығады. Ел экономикасы табиғи қазба байлықтарға тікелей тәуелді. Қазақстанның негізгі экспорттық шикізаты – мұнай, газ бен уран. Бүгінгі күні күрделі сыртқы орта Қазақстан дамуының орташа мерзімді перспективаларына одан әрі әсер етуде. Ұзақ мерзімді перспективада сарапшылар айтып өткендей, елдің сыртқы қатерлерге тұрақтылығын арттыру үшін экономиканы әртараптандыру қажет.

Ал экономиканы әртараптандыру дегеніміз – табиғи ресурстық сектордан басқа экономика салаларын барынша кеңінен дамыту. Бұған экспорттық потенциалы және қосылмалы құны бар ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі, сонымен қатар ішкі сұранымға бағытталған қызмет көрсету секторлары кіреді. Тұтынушылық сұранысқа ие тауарлар мен өнімдер барынша ел шеңберінде өндіріліп, жөнсіз импортқа жол бермегені абзал. Сондықтан, мардымсыз әртараптандырылған ашық экономика сыртқы дағдарыс салдарына бейім келеді.

Жалпы елімізде экономиканы әртараптандыру бағытында нақты жұмыстар қолға алынуда. Индустрияландыру, «Бизнестің жол картасы-2020», шағын және орта бизнесті дамытуға арналған бағдарламалар аясында қаншама кәсіпорындар дүниеге келді. Бұл бағытта аз жұмыс жасалынған жоқ. Десе де, «Экономиканы әртараптандыру жалпыұлттық идеяға да, барлық билік органдары үшін нақты басымдыққа да әлі де айнала алмай отыр», - деген Елбасы сөзін ескермей болмайды. Сондықтан да экономиканы әртараптандыруды жалпыұлттық идеяға айналдыруға күш салынуда.

Қызылорда облысында мұнай-газ саласы экономиканың басым бөлігіне ие. Осыған байланысты өңірдің даму тұрақтылығын сақтау мақсатында экономиканы әртараптандыруға айрықша маңыз берілуде. Бұл дағдарысқа қарсы шаралардың негізгісі деуге болады. Қырымбек Көшербаев облысқа басшылыққа келгеннен кейін өңір экономикасын әртараптандыру бағытындағы жұмыстарды қолға алды. Әкім тапсырмасымен ғалымдар мен мамандар бірлесе отырып, аймақтың стратегиялық даму жоспарын дайындады. Облыс экономикасын әртараптандырудың басым бағыты – металлургия саласы. Қысқасы, облыста металлургиялық кластер құру бағытындағы жұмыстар басталып кетті. Бүгінде аймақта болашақта осы салаға қатысты үш үлкен жоба – «Шалқия Цинк ЛТД» кәсіпорнын қайта жандандыру, ферроқорытпа зауытын салу, «Баласауысқандық» ванадий кен орнын игеру секілді жобалар қолға алынған.

Өндірісті әртараптандыру тек металлургия саласымен шектеліп қалмағаны анық. Қызылорда облысында Индустрияландыру бағдарламасы белсенді түрде іске асырылуда. Индустрияландырудың бірінші бесжылдығы аясында облыста іске қосылған 17 жобаның 14-і тұрақты өнім шығаруды қамтамасыз етті. Индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы Қызылорда қаласында да тиімді жүзеге асырылуда. Жыл басынан бері өңірлік карта аясындағы 5 жоба – құрама жем, керамикалық кірпіш шығаратын зауыттар, сэндвич панель өндіретін цех және автомобильді газбен толтыру бекеті іске қосылды. Сондай-ақ, Елбасының қатысуымен тікелей телекөпір арқылы «Үй құрылысы комбинаты» пайдалануға берілді. Облыс әкімінің бастамасымен өткен жылы құны 36,7 млрд теңгені құрайтын табақша шыны шығару және өңдеу зауытының құрылысы басталды.

Индустрияландырудың екінші бесжылдығы аясында облыста құны шамамен 150 млрд теңгені құрайтын 38 жоба іске асырылып, оның аясында 4 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын болады. Сонымен қатар, республикалық Индустрияландыру картасына қосу үшін жалпы құны 404 млрд теңгені құрайтын 8 жоба жолданды.

Облыс экономикасын дамыту мен әртараптандырудың тағы бір бағыты – ауылшаруашылық саласы. Бүгінде Қызылорда Қазақстан бойынша тұтынатын күріштің 95 пайызын қамтамасыз етеді. 2015 жылы қызылордалық диқандар әр гектардан 50,5 центнер құрайтын рекордты өнім жинады. Өңірде балық шаруашылығы да жақсы дамып келеді. Тіпті, Арал балығы Европа нарығына экспортқа шығарылуда. Бүгінде Арал маңында 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Арал теңізінен балық алу көлемі 20 есеге өсіп отыр.

Ауыл шаруашылығында балықтан басқа да өндіріс түрлері дамуда. Мәселен, биыл облыс буферлік аймақтан шығады. Және ет өнімдерін шетелге экспортқа тасымалдау мүмкіндігіне ие болады. Облыс фермерлері 5 мың ірі қара малға арналған бірнеше жаңа ірі бордақылау базасын салуды және оны дамытуды қолға алып отыр. Өсімдік шаруашылығында жеміс, құрама жем және майлы дақылдар егістігін кеңейту жоспарлануда.

Мемлекет басшысы 10 жылда өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін 2 есеге арттыру туралы тапсырма жүктегенін атап өту қажет. Қызылорда облысында соңғы 3 жылда өңдеу өнеркәсібі 122,2 пайызға өскен. Республика бойынша орташа көрсеткіш 102,5 пайызды құрайды. Егер өңдеу секторындағы өсім үлесі 2012 жылы жалпыөңірлік өнімнің 4,5 пайызын құраса, бүгінде 13,5 пайызға жетіп отыр. Жоспарға сәйкес индустриялық жобалардың ешқайсысы тоқтаған жоқ. Керісінше, жаңа жобалар қосылды. Яғни, экономиканы әртараптандыруға бағытталған жұмыс оң әсерін беруде. Оған облыста өтіп жатқан инвестициялық форумдар да өз септігін тигізуде. Бұл өңір экономикасында шынайы әртараптандыру жүргізіліп жатқандығын білдірсе керек. Яғни, экономика құрылымы да өзгеріп жатыр.

Ал бұл жұмыстар үздіксіз жүргізіле беретін болады.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

● МӘЖІЛІС

## ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтті.**

Жиындағы бірінші мәселе – 2016 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі индикаторларының орындалуына бағытталған шараларға арналды. 2015 жылы 29 желтоқсанда ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімов пен облыс әкімі Қырымбек Көшербаев меморандумға қол қойған болатын. Осы құжат арқылы облыс басшысы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамудағы жағымды өзгерістерді қамтитын түйінді нысаналы индикаторларды орындауды жауапкершілікке алады.

Қазіргі таңда Ұлттық экономика министрлігі аталмыш меморандумдарға түзетулер енгізу және көрсеткіштер санын кеңейту бағытында жұмыстар атқарып жатыр. Меморандумда көрсетілген нысаналы индикаторлардың қорытындысы бойынша облыс әкімдерінің жұмысы бағаланатын болады.

Айта кету керек, Мемлекет басшысы Үкімет пен әкімдердің алдына жалпы ішкі өнімнің өсімін 2016 жылдың қорытындысы бойынша 102,1 пайыз деңгейіне жеткізу міндетін қойып отыр.

«Нұрлы жол», «Жұмыспен қамтудың жол картасы - 2020», «Бизнестің жол картасы - 2020», Индустриалды-инновациялық даму бағдарламалары аясында өңірде бес мыңға жуық жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Жалпы, 2016 жылы тоғыз мыңға жуық жұмыс орнын ашу көзделуде. Сондай-ақ, нысаналы индикаторға қол жеткізу үшін жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, жұмысшылардың жаппай жұмыстан босау жағдайына жол бермеу қажет.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасына қала және аудандардың бюджетін қайта қарауды тапсырды.

– Қала мен аудандардың бюджетінен оның дағдарысқа қарсы жасақталғаны көрінуі қажет, – деді облыс әкімі.

Мәжілісте қаралған екінші мәселе – Сырдария өзенінде су тасқынының алдын алу. Ауа райының бір жылынып, бір суытуының салдарынан қаңтардың 8-9-ы күндері Арал ауданындағы «Ақлақ» су торабының төменгі жағында ұзындығы 12-15 шақырым көлемінде толық қатпаған мұздың жинақталуы байқалды. Соның әсерінен өзен арнасы көтерілді. Мұнда облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов барып, жағдайды өз көзімен көрді. Оның баяндауынша, «Ақлақ» су торабына құйылатын судың деңгейін түсіру үшін Қазалы, Арал ауданындағы 8 канал арқылы су алынды. Тораптың жоғарғы жағында «Көкіш» каналы толығымен ашылды. Бұған қоса, төменгі жақтағы «Тәуір» каналының құбыры ашылып, өзектерге жіберілді. Жедел шаралардың арқасында жағдай тұрақтанды.

Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылы тұсындағы «Ардана жарма» учаскесіндегі қорғаныс дамбалары қалпына келтірілуде. 7 қаңтарда Жалағаш ауданының Шәменов ауылы тұсында Сырдария өзенінің «Сәмет арна» учаскесіндегі бөгетті су шайып кеткен еді. Осы ретте, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының техникалары жұмылдырылып, 240 метр қорғаныс бөгеті салынды. 25 желтоқсанда жауын-шашын салдарынан таудан аққан мол су Бірлік елді мекеніндегі «Көлтоған» су қоймасына келетін арықпен толып ағып, арнасына сыймай, бөгеті жырылып, ойпат жерлерге су жайылған болатын. Елді мекенді су басу қаупінен сақтау үшін шұғыл шаралар жасалды. Нәтижесінде 60 метр қорғаныс бөгеті қайта қалпына келтірілді. Сондай-ақ, су «Шұқырай» табиғи көліне жіберілді.

Сонымен қатар, мәжілісте облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Жазира Жылқышиева аймақта биылғы жылы атқарылатын маңызды шараларды таныстырды. 2016 жылға арналған қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспары әзірленіп, бекітілген. Соның ішінде 99 ірі көлемді шара бар, олардың 8-і республикалық маңызда, 9-ы мерейтойлық, 16-сы еске алу бағытындағы шара болса, қалғаны қоғамдық мәні зор шаралар. Атап айтарлығы, биыл өңірімізде екі мәрте Социалистік Еңбек ері Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығы кең көлемде атап өтілмек. Жазира Жақсылыққызының айтуынша, қоғамдық-саяси іс-шараларды өткізгенде даурықпа ұранға емес, мазмұны мен маңызына баса мән беріледі. Яғни, елдік, бірлік, ерлік, еңбек, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы, Ұлт жоспары, қазақстандық біртектілік идеясы кеңінен насихатталуы керек.

Осы ретте, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев: «2016 жылға арналған қоғамдық-саяси маңызды шаралардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Қаражаты бөлінген. Енді күнтізбеге өзгеріс енгізілмейді. Соған сәйкес жұмыс жасалады. Бұдан былай «мына мерейтойды өткізейік» деген ұсыныстар қабылданбайды», – деп кесіп айтты.

Бұған қоса, ел үшін маңызды шараларды ұйымдастырарда, ең алдымен мүмкіндігі шектеулі жандарға, көпбалалы отбасыларға аса көңіл бөлінбек.

– «Бәрінің көйлегі көк, қарны тоқ» деп ойлауға болмайды. Әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандар көп. Сондықтан, әкімдіктер мен кәсіпкерлер осы мәселеге атсалысып, елзегектік көрсетіп, әлеуметтік қолдауды талап ететін топтарға көмек көрсету – біздің 2016 жылғы ең негізгі мақсатымыз деп білулеріңізді сұраймын. Сонымен бірге, «Құрметті азамат» атағын және көше атын беруде жүйесіздік көп. Мұны қалыпқа салмасақ болмайды, – деген облыс әкімі тиісті басқарма басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте қаралған төртінші мәселе – 2015 жылы атқарылған облыс бюджеті. Қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаев баяндамасында осы мәселеге орай толық мәлімет берді.

Бұдан соң жиында облыс елді мекендеріндегі газдандыру жұмыстарының барысы талқыланды. Бұл туралы кеңірек энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов баяндады.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес, барлығы 23 миллиард теңге бөлініп, бір ай ішінде төрт аудан орталығы – Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі және Жаңақорған кенттері газдандырылды. Бұдан бөлек, Байқоңыр қаласына да көгілдір отын жеткізілді. Бұл – үлкен жетістік. Басқарма басшысының баяндамасында келтірілген санайғаққа сүйенсек, 2014 жылы облысты табиғи газбен қамтамасыз ету 35 пайызды құраса, 2015 жылы өңір халқының 63 пайызы, яғни, шамамен қосымша 476 мың тұрғын көгілдір отынға қол жеткізіп отыр.

Енді қалған үш аудан орталығын – Жосалы, Жалағаш және Тереңөзек кенттерін газбен қамтамасыз ету міндеті қойылуда. Бұған қоса, Қызылорда қаласындағы газдандырылмай қалған тұрғын үйлерге көгілдір отын тартылмақ. Аталмыш елді мекендерді газдандыру «ҚазТрансГаз» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы аясында жүргізіледі. Басқарма басшысы Ержан Әбдіқалықовтың айтуынша, қазіргі таңда кенттерде автоматтандырылған газ тарату стансасын орнату, «Бейнеу-Шымкент» магистральды газ құбырынан газ құбыры-бұрыпы құрылысын салу және басқа да іс-шараларды атқару үшін тиісті құжаттар әзірленіп жатыр.

Сөйтіп, облысты газдандырудың екінші кезеңі ақпан айының соңына қарай басталады. Оның үстіне, аймақ басшысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ өндірістік филиалына осындай нақты талап қойып отыр.

Жемісті жұмыс бар жерде мәселе де болмай тұрмайды. Арал қаласы, Әйтеке би, Шиелі, Жаңақорған кенттері тұрғындарының көбісі үйлеріне газ кіргізуге асығар емес. Бұл өз кезегінде жұмыстың одан әрі жандануына кедергісін келтіреді. Туындап отырған екінші мәселе – «үйіңе тегін газ жүргіземіз» деген алаяқтардың пайда болуы.

Аймақ басшысы алаяқтық әрекетті анықтап, әшкере қылу керегін жеткізді.

– Біздің тұрғындар ресми мемлекеттік органдардың мәліметіне сенбей, айдаладағы алаяқтардың сөзіне сеніп, алданып қалады. Оны тоқтатудың бір-ақ жолы бар. Жариялы түрде фактілерді көрсетіп, қауесет әңгімелерге уақытылы тосқауыл қою қажет. Заңға сәйкес, тұрғындар үйлеріне газды жеке қаражаты есебінен кіргізеді. Судың да сұрауы бар. Тұрғындардың газға төлеген ақысы құбырларды қарауға, ондағы жұмысшыларды жалақымен қамтуға жұмсалады. Осы жайттар ақпарат құралдарына жан-жақты жазылуы, айтылуы керек. Ал ел арасына жалған ақпарат таратып жүргендер жазасын алуы тиіс, – деген облыс әкімі ішкі істер департаменті басшысына елді алдап, әуре-сарсаңға салып жүргендерді тезірек табуды тапсырды.

Мәжіліс соңында облыс әкімі аймаққа қарасты елді мекендердің 85 пайызы күре жолдың бойында орналасқанын тілге тиек етті. Демек, онда облыс халқының 93 пайызы тіршілік етеді деген сөз. Сондықтан, өңірді толыққанды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік барын атап өтті.

**Дәурен ОМАРОВ.**

● ТҮЙІН

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕНЖАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Өткенсіз бүгіннің болмасы анық, есті жұрттың есіне сала кетелік. Сол кешегі күні елдің қызметіне жараған Жағыппар Зермұхаммедов Шиелі аудандық білім бөлімін 1979-2001 жылдар аралығында жиырма екі жыл бойы басқарып, зор абыройға кенелген азамат. Басшылық қызметінде білім бөлімі мекемелерінің желісін кеңейтіп, оқушыларға білім беруді ұлттық негізге бейімдеуде жаңашылдық танытты. Ол – ұстаздар қауымының беделін нығайта отырып, оқу-тәрбие жұмысының жоғары деңгейде қалыптасуына еңбек сіңірген басшы. Сол кезеңдерде Шиелі ауданынан үздік оқушылар көптеп шығып, жоғары мамандықтар алуға ұмтылды. Аймақта өнер мен әдебиеттің, ғылымның өркендеуіне, жалпы халықтың ауызбірлігіне мұрындық болған сыйлы жан. Әсіресе, кешегі тоқырау жылдары білім мекемелері мен саланың күйреуіне қасқайып қарсы тұрған жанашырлығы есте.

Смайыл Кәрімбаев болса, отыз жылдан астам уақыт Шиелі аудандық денсаулық саласына басшылық жасаған, аурухананың бас дәрігері болған аңыз адам. Ол кісінің ерекше қабілетін, өз кәсібі мен қоғамға адалдығын ескі көздер әлі күнге сағына айтады. Тіпті, атақты дәрігердің айдаладағы қыстауда пілте шамның жарығымен малшы әйеліне күрделі операция жасағандығын еске алады. Мәселен, Шиелі ауданының «Құрметті азаматы» Мұхамедияр Сейітов: «Ол кездері ауданымызда аурухана ғимараты шағын, қызмет істейтін дәрігер Кәрімбаев пен Ли деген кісі ғана еді, елдегі жұтаң жағдайға қарамай, барлық науқасты да қарап, көңілінен шығып та үлгеруші еді», деп сүйсінеді.

4-бет

100 нақты қадам

# МЕМЛЕКЕТ МҮЛКІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ТЕТІКТЕРІ

Үстіміздегі жылдың басынан Елбасының "5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам" – Ұлттық Жоспарын орындаудың нақты кезеңі басталды. Еліміздің тарихында бұрынсоңды болмаған ауқымдағы ұлттық заңнамаға өзгерістерді бағамдаудың маңыздылығы Қазақстанның әлемдік өркениет көшіне ілесуінің жаңа көкжиегін айқындайтын болады. Бұл Елбасының атап өткеніндей, біздің қазақстандық арманымыз – XXI ғасырда көшбасшы 30 елдің бірі болуға қол жеткізуімізге жол ашады.

Мемлекет басшысы алдағы кезеңнің ұлы міндеттерін белгілеп берді. Біз тәуелсіздік жылдары үлкен сындарлы жолдардан өттік. Қазақстан тәуелсіздігінің ширек ғасыры елімізді мекендеген сан этностардың бірлігі нәтижесінде дамудың таңғажайып шыңдарына жете алатынын көрсетіп берді. Әлемдік нарық көші жаңа талаптарды алға тартуда. Бүгінде әлемнің барлық дамыған елдері өздерінің жаңғыртушы жобаларын бұрыннан қалыптасқан біртектілік негізінде жүзеге асырады. Енді Елбасының сындарлы бастамасымен біз осы жолға түстік. Міндеттер айқын, оның сәтті жүзеге асырылуы атқарушы биліктің барлық тармағының, әрбір азаматтың белсенді іс-қимылына байланысты болады.

Осы орайда жекешелендірудің екінші толқынын және экономикалық бәсекелестікті ынталандыру, бюджеттік саясатты оңтайландыру мәселелерін халыққа жүйелі түсіндіру маңызды мәселе болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асырудың бірқатар аспектілері мемлекеттік меншікті басқарумен айналысатын мемлекеттік құрылымдарға тиісті екенін атап өткім келеді.

Ең алдымен айтарым, жекешелендірудің екінші толқыны толық ашықтық және жариялылық жағдайында өткізілетін болады. Жекешелендіруді өткізу барысында не сатылатыны, қаншаға, қандай тәсілмен жүзеге асырылатыны және сатылатын компаниялардың есебі көрсетілетін болады. Барлық нысандар ашық электрондық сауда арқылы жекешелендіріледі және уақыты мен мерзімі жөніндегі хабарландыруларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің веб-сайттарында бақылауға болады.

Осыған байланысты департамент қызметкерлері тарапынан республикалық мемлекеттік мекемелер мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың Реестрінің көрсеткіштері ұлғаюына және нақтылануына байланысты тұрақты жұмыстар жүргізіліп отырылады. Осы көрсеткіштер бойынша әділет, статистика және мемлекеттік кірістер департаменттерімен әрдайым қолдағы сәйкесті ақпараттармен салыстырылады.

Мемлекеттік меншікті басқарудың қолданыстағы жүйесін үнемі жетілдіріп отыру мақсатында теңгерімде тұрған мемлекеттік мүліктерді сақтау және тиімді пайдалану маңызды мәселе болып табылады.

Мысалы, департамент «Казводхоз» Қызылорда филиалының теңгеріміндегі пайдаланылмаған үшпролеттік «Қамысты қақ» каналындағы автокөлік көпірін қазіргі таңда басты бағыт бойынша пайдаланып отырған «РУ-6» ЖШС-на сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға берді. Сонымен қатар біздің және теңгерім ұстаушының келісімімен арнайы сараптама жүргізіп, өз қаражатын салып, тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін көпірге күрделі жөндеу жүргізу мақсатында керекті құжаттарды дайындауда.

Департаментте Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұтас бөлімшелері ретінде мүліктерді жалға алу келісім-шарттарының реестрі жөніндегі бағдарламасы аяқталып белсенді жұмыс жүргізілуде. Бұл реестр бойынша көптеген құрылымдарға қатысты деректерді – сәйкесінше код негізінде теңгерім ұстаушыны, ұйым атауы мен облысты анықтау үшін оның ұйымдық-құқықтық нысаны мен мәртебесін, сондай-ақ республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін бюджетке кіріс төлемдері туралы ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарлама автоматты түрде төленуге тиісті бюджет төлемдері туралы жалға алушыға хабардар етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік мүлікті сату жүйесі де автоматтандырылған. Қазіргі уақытта департаментпен тек электрондық сауда-саттық қана өткізіледі.

Өткен жылы департамент 12 электрондық аукцион өткізді, 59 нысан саудаға шығарылып, мемлекеттік мүлікті сатудан мемлекеттік бюджетке 48,0 млн теңге түсті. Сонымен қатар, 2015 жылы департамент 103 жалға беру келісімшартын жасады. Жалға берілген жалпы ғимараттың көлемі 3,47 мың шаршы метрді құрайды. Жалға беруден 17,5 млн. теңге түсті.

Мемлекеттік мүлікті оңтайландыру мақсатында ағымдағы жылы 13 мемлекеттік мекемеге тексеру жұмыстары жүргізілді. Барлық тексерулер Құқықтық статистика жөніндегі комитеттің облыстық басқармасында есепке алынды.

2015 жылы департаменттің қызметіне Қазақстан Республикасында құрылымдық реформаларды іске асыру жөніндегі 2014-2015 жылдарға арналған жол картасына сәйкес жаңа функциялар қосылды. Бірінші кезеңде Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің бөлімшелеріне бекітілген ғимарат және автокөліктің бірегей теңгерім ұстаушысы болады. Екінші кезеңде құқық қорғау органдарын қоспағанда, басқа да орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері мүлкінің теңгерім ұстаушы болады.

Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдырылуы тиіс) мүлікті есепке алу, сақтау және бағалау департамент қызметіне қосылған екінші функция болып отыр.

Осы бағдарламаны іске асыру кезінде департамент мүліктерді сату бойынша 10 электрондық сауда-саттық өткізіп, 21 мүлік сатылды.

Мемлекет басшысының қазіргі Жолдауы бүгінгі уақыттың тынысын айқындайды. Оның басты импульсі айқын, еліміз өткен дағдарыстан қысылмай өтті. Қазіргі қиыншылықтан да сәтті өтеміз деп ойлаймын. Ал бұл үшін бәрімізге Жолдауда қойылған мәселелерді іске асыру үшін барынша күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет.

**Серікжан ҚАЛИЕВ,**
**ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда аумақтық департаментінің басшысы.**

# СТАТИСТИКА – ЕЛ АЙНАСЫ

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты бағдарламалық мақаласында осы жылдан бастап Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадамды орындаудың практикалық кезеңі басталғанын жария етті. Аталған мақаланың бесінші реформасында «Қоғамға есеп беретін ашық мемлекет» бөлімінің үшінші міндетінде «Сапалы жоспарлауды жүзеге асыру үшін мемлекеттік статистиканың анықтылығын қамтамасыз ету қажет. Сондықтан сапалы статистикалық мәліметтер беруде респонденттер мен әкімшілік көздерінің жауапкершілігін арттыру маңызды. Осы жайлардың барлығы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында ескерілді» делінген.

Мен ұзақ жылдар бойы облыстық статистика саласына басшылық жасаған, оның қыры мен сырын біршама білетін маманмын. Осы жылдар ішінде 6-7 облыс әкімімен қызметтес болдым. Облыстың элеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін бұрмалап, кемшілігін асырып-жасыру фактілері болған емес. Оның есесіне «арық айтып, семіз шыққан» сәттер көбірек болды. Оған бір жағынан, заңды тұлғалар мен респонденттердің шынайы есептілік көрсеткіштері, екінші жағынан, облыс басшыларының іскерлігі нәтижесінде қол жеткіздік.

Статистика ешуақытта құр мақтаныш үшін жасалмайды. Шынайы статистикалық көрсеткіштер арқылы мемлекеттің басым даму бағыттары айқындалады, жүргізіліп жатқан экономикалық бағыттарға дер кезінде өзгерістер енгізіліп тұрады.

Заңды тұлғалар мен респонденттерге есептілікті жеңілдету мақсатында электронды есеп беру бойынша өткен 2015 жылы 31 мыңнан астам есеп қабылданды, яғни, есептерін бұрынғыдай қағаз түрінде қолма-қол өткізудің орнына жұмыс орындарында отырып тапсырды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғаса беретіні сөзсіз.

Есептілік шынайы, сапалы, толық және уақытылы болуы үшін әкімшілік кодекске айыппұл мөлшерін бірнеше есе арттыру көзделуде. Бұл статистикалық көрсеткіштерді берудегі жауапкершілікті арттыру үшін жасалып отыр.

Статистика – ілгеріден келе жатқан салалардың бірі. Бұл саланың қасиетті босағасын талай жандар аттаған, ал шығарған өнімдері, яғни, берген ресми мәліметтері мен ақпараттары тарих беттерінің түбінен терең орын алған. Әрине, 95 жылдан астам тарихы бар сала талай көрсеткіштердің куәсі болды. Жақсылы-жаманды миллион ба, трилион ба, қисапсыз есептілікті бастан өткеріп, есепсіз цифр-сандарды қаламмен, машинкалармен жазып калдырған. Мұндағы мамандар – цифрларға жан бітіріп, бірін-біріне қосып өндірістің өнімін, жұмысшылардың еткен еңбек жемістерін, құрал-жабдықтардың көлемін және мемлекеттегі т.б. барлық салалардың көрсеткішін жинақтаушы, жіктеуші.

Елбасының бағдарламалық мақаласында көрсетілгендей мемлекеттік басқару органдарының жұмысына баға берудің жаңа жүйесі сыртқы тәуелсіз аудиттің міндеттілігі, жариялылығы, жұртшылықпен кері байланыс, басшылардың дербес жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Мемлекеттік аудит жүйесін жетілдіру шеңберінде Есеп комитеті мен қаржылық бақылау органдарын реформалау жоспарланып, әлемдік аудиторлық компаниялар моделі бойынша жұмыс істеуі тиіс. Оның сыртында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жыл сайынғы аудиті, әсіресе, бюджет қаржыларын пайдалану бөлігінде аутсорсингке беріледі.

Жетіншіден, мемлекеттің транспаренттілігі мен есептілігінің негізгі критерийлерінің бірі халықтың ақпараттарға қолжетімділігін кеңейту болып табылады. 2016 жылдан бастап азаматтар мен заңды тұлғалардың сауалдары бойынша мемлекеттік құпиялар мен өзге де заңмен қорғалатын құпиялардан басқа мемлекеттік органдардың барлық ақпараттарына қолжетімділік қамтамасыз етілетін болады.

Осы орайда статистикалық ақпараттарды уақытылы оқи білу, мәліметтерге түсіністік білдіру, оларды сауатты іске асыру ерекше жауапкершілікті керек етеді. Сол кезде оның қайтарымы мол болады, оларды неғұрлым тереңірек талдап, сараптап, таразыға тартқандай қорытынды жасауға, ал нәтижесінде қандай кемшіліктердің барын, оларды қалай жоюға болады немесе қандай шараларды жүзеге асыру жолдарын іздестіру, қандай қолдау керек көздерін анықтауға көмегін береді. Есептілікті жасырып көрсетсе, сол құрылымға берілетін көмектер азайып, жалпы істеліп жатқан нақты жұмыстар көрінбей көлеңкеде қалып қояды. Сондықтан да осы мәселеге дұрыс көзқараспен қарауға шақырамын. Кәсіпкерліктің түрлерін, онын көлемін, қызметтің түрін, жұмыскерлердің санын, өндірген өнімдердің көлемін бүкпесіз көрсетсе, өте дұрыс болар еді. Ол өзіне де, халыққа да, жалпы үкіметтің қолданысына, еліміздің экономикасының өркендеуіне қосылған үлес болар еді, оның тиімділігі, қайтарымы аса зор.

Мәселен, ел Президентінің тікелей қолдауымен шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан сан түрлі жеңілдіктер берілуде, оның ішінде шағын бизнеске тексеруді қысқарту, ауыртпалықты мейлінше төмендету, есептіліктің санын азайту, «бір терезеден» есептілік қабылдау, электронды форматта тапсыру секілді көптеген істі жеңілдету әрі кәсіпкерліктің қағазбастылығын азайту, сонымен бірге көптеген жеңілдетілген несие мен салық жүйесі жетілдіріледі.

**Бақыт САПАР,**
**ҰЭМ Статистика комитетінің РМК, АЕО Қызылорда облысы филиалының директоры, Статистика үздігі, ҚР Аудиторлар палатасының толыққанды мүшесі.**

● ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ

# АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Жыл басы өткенді саралаумен қатар, алдағы мерзімге жоспар жасайтын, атқарылар жұмыстарды межелейтін жауапты кезең. Елбасы тапсырмасымен жергілікті атқарушы биліктің жауапты науқанға кірiскеніне де апта өтіп барады. Қалыптасқан дәстүр бойынша халық алдындағы есеп беру шараларының Жаңақорған ауданында басталғанына төртінші күн. Күніне төрт ауылдық округ тұрғындарымен жүздескен аудан әкімі Руслан Рүстемов аптаның дүйсенбісі күні Екпінді, Сунақата, Қожамберді, Төменарық елді мекендерінде есепті жиынға қатысып, өз есебі алдында учаскелік полиция инспекторы мен ауыл әкімдерінің атқарған жұмыстары жөніндегі хабарламасы мен баяндамасын тыңдады. Аталмыш жиынға Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Қамбар Мүбәраков қатысты.

Ауыл әкімдері Қ.Қожамжаров, Ә.Қыстаубаева, М.Нәлібаев және Н.Пазылов өз округтеріндегі жыл аралығында атқарылған жұмыстарды баяндап, алдағы міндеттері мен мақсаттарын ортаға салды. Ауыл басшылары мұның алдында өз округтеріндегі қоғамдық қауымдастық алдында есеп бергендіктен де болар, ауыл ішінде шешілетін жайттар оншалықты әңгіме бола қойған жоқ. Дегенде, көпшілік емес пе, жұмысқа орналасу, мектептерде пән сағаттарының жетімсіздігі жайлы мәселелер көтерілді. Ауыл адамдарының басым бөлігін еңбекпен қамтитын шаруа қожалықтарындағы ұйымдастыру жұмысына көңілі толмай, ондағы ашықтыққа қанағаттанбайтындар да өз ойларын іркіп қалмай, аудан басшысының назарына салды. Мәселен, Екпінді ауылының тұрғыны Аманбай Орынбаев осындағы «Бастау» шаруа қожалығының төрағасы Досан Сүлейменовтің мемлекеттен алынған субсидияны орынды жұмсаумен қатар, оны пайдалану тәртібінің ашықтығын ортаға салмайтындығына реніш білдірді. Сондай-ақ, Сунақата ауылындағы мектеп мұғалімі Азатбек Юнусов өз ауылындағы «Тағзым» алаңына жұмсалған қаржы мен оның сапасын басшылардың қалай бағалайтындығын білгісі келеді. Және де жас нәрестелі аналарға жәрдемақы төлеуге қажетті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жергілікті жерде орындалуын қалайтындығын жеткізді. Ал қожамберділік Берікбай Аяпов ауыл мектебі мұғалімдері аз сағатпен жүргендігін сөз етті.






Аудан әкімі сауалдар мен түскен ұсыныстарға салалық басшыларды қатыстыра отырып, нақты да ашық жауап берді. Сала басшыларына көтерілген мәселелер жөнінде тексеріп, өзіне мәлімдеме беруді тапсырды.

Аудан әкімі Руслан Рүстемовтің баяндамасында өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысы және алдағы атқарылатын жұмыстар кеңінен сөз етіліп, жамағаттың алдағы күндерге деген сенімін нығайтты. Ауыл ақсақалдары Темірбек Өміралиев, Қали Әділбеков, Аронрашид Жәкенов атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, тілектестігін жеткізді. Есеп беру шаралары онан әрі жалғасуда.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.

Жыл алмасқан шақтағы қауырт жұмыстардың бәрі өз ағымына оралып келеді. Төрімізге шыққан 2016 жыл туралы алдын ала айтылған болжамдардың дені экономикалық жағдайға қатысты болды. Қаржылық дағдарыс, мұнай бағасының құлдырауы сияқты келеңсіздіктерді бастан өткеріп жатқанымен, халық рухани өміріміздегі елеулі оқиғаларды, ел болып атап өтетін мерекелерді ұмытпайды.

# ШИРЕКҒАСЫРЛЫҚ МЕРЕЙТОЙ ЖЫЛЫ



Биыл еліміздің ең басты құндылығы – Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аталып өтіледі. Елбасы биылғы халыққа арнаған Жолдауында «Бұл – тәуелсіздікті нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегіміздің ширекғасырлық белесін қорытындылайтын мерейлі сәт. Тәуелсіздікті баянды ету оған қол жеткізуден де қиын. Мемлекеттігіміздің тұғырын мызғымастай нығайта түсу үшін бізге әлі талай өткелі күрделі, өкпегі көп бұралаң жолдардан өтуге тура келеді»,– деген еді.

Бүгінгі ақпараттық дәуірде заманның беталысын адамдардың бәрі де аңдай алады. Тым құбылмалы жаһандық ахуал, алпауыт елдер арасындағы ушыққан жағдай экономиканы тығырыққа тіреп барады. Елбасы ширек ғасыр ішіндегі жетістіктерге сын көзбен қарап, елдігімізді шыңдай түсетін уақыт келгенін айтты. Мұндайда әрине, ең бірінші тәуелсіздігімізге тірек болған бірлігімізді сақтау маңызды.

Елбасы Тәуелсіздік күні қарсаңында сөйлеген құттықтау сөзінде «Әрбір елдің жылнамасында оның жаңа тарихының бастауы болған тағдыршешті таңдар болады. Біз үшін жаңа дәуірдің арайлы таңы 1991 жылы 16 желтоқсанда атты. Сол күні әлем көгінде «Қазақстан Республикасы» атты жаңа жұлдыз жарқырай туды», – деп Мәңгілік Ел болуға бет бұрған ел өміріндегі Тәуелсіздік күнінің маңызын атап өткен болатын.

Басты мереке аясында ширек ғасырда жүріп өткен жолымыз, шыққан биігіміз бен жеткен жетістіктеріміз сараланбақ. Осы уақыт аралығында жас мемлекеттің басынан бірнеше рет қаржы дағдарысы өтті. Алдын ала дайындалған мықты бағдарламалар қиындықтарды еңсеруге зор ықпал еткенін көрдік. Дағдарыстарға қарсы тұру арқылы экономиканы күшейтіп, тұрақты даму жолына түсуге қадам жасалды. Мемлекет басшысы жариялаған стратегиялық бағдарламалар халықтың әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын жақсартып, мерзімінен бұрын жүзеге асты.

Биылғы жыл – 25 жылдың жетістіктері мен белестерін саралап, қорытынды жасайтын кезең. Мәңгілік Ел болуды мұрат тұтқан елдің бүгіні мен келешегі туралы ой толғайтын есепті жыл. Сондықтан биылғы өтетін барлық шаралар Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналып, осы ұлы күннің құрметін асыруға бағытталады.

Жаңа басталған жыл басқа да атаулы күндерге, елдік туын көтерген қайраткерлердің мерейтойларына толы. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО көлемінде атап өту туралы шешім қабылданды. Бұл мерейтойдың өз деңгейінде өтуіне тек тарихшылар ғана емес, барлық ұлтжанды азаматтар мүдделі.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында өтетін XXXI Олимпиада ойындарына біздің елдің спортшылары да қатысатыны сөзсіз. Азаттықтың ақ таңы атқалы бері төрт жылда бір рет өтетін әлемдік бәсекеден тәуелсіз еліміз оғландарының қоржыны бос қайтқан емес. Олимпиада барысындағы әрбір бәсекені қазақстандықтар бірге тамашалайды, ондағы жеңістерді біртұтас ел болып тойлайды. Биыл Рио-де-Жанейрода алауы тұтанатын Олимпиада ойындарында да Тәуелсіз Қазақстан спортшылары биік тұғырға көтеріліп, көк байрағымызды көкте желбіретіп, Әнұранымызды шырқатады деп сенеміз. Мұндай сәттерде халықтың рухы аспандап, Тәуелсіз елін мақтаныш ететіні анық.

Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне 100 жыл толады. Осыдан бір ғасыр бұрын, яғни 1916 жылы 25 маусым күні ұлты орыс емес, «бұратана» саналған халықтардың 19 бен 43 жас аралығындағы ер азаматтарын соғыс жүріп жатқан жердегі қара жұмыстарға салу жөнінде патша жарлығы шығады. Елдің ашу-ызасын тудырған жарлыққа, отарлық езгіге қарсы бас көтергендердің бастамасы ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Сондай-ақ, осы жылы Желтоқсан оқиғасына 30 жыл толады. Әміршіл жүйеге қарсы шыққан қазақ жастарының наразылығы арада көп уақыт өтпей-ақ КСРО-ның күйреуіне, барлық республикалардың Тәуелсіздік алуына жол ашты. Биыл Семей сынақ полигонының жабылғанына да 25 жыл толады. 1991 жылы 29 тамызда Елбасы «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» тарихи Жарлыққа қол қойды. Қазіргі таңда 29 тамыз Ядролық сынақтарға қарсы әрекеттердің халықаралық күні болып белгіленген.

Тәуелсіздіктің ширекғасырлық мерейтойы жылында өтетін осындай елеулі оқиғалар мен іс-шаралардың басты ұстанымы Тәуелсіздікті қастерлеуге, елді бірлікке, ынтымаққа шақыру болып қала бермек.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

● БРИФИНГ

# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН ЖОСПАР

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Берікбол Байхожаев пен облыстық «Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайымы Әлима Әбдіхалықованың қатысуымен брифинг өтіп, онда қатысушылар «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына байланысты өз ойларымен бөлісіп, салада атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Алғаш болып сөз алған Берікбол Ұзақұлы мемлекеттік қызметтің жаңа моделін жүзеге асыру бағытында 2016 жылдың бірінші қаңтарынан бастап жаңа «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңның қолданысқа енгізілгенін атап айтты.

Заңның еліміздегі мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне біржола өтудің құқықтық негізін айқындағанын айтқан департамент басшысы оның ерекшеліктері мен жүзеге асу механизмі жөнінде әңгімеледі. Сонымен бірге «Б» корпусының кадр резерві институты туралы айтып өтті. Осы орайда 2015 жылы кадр резервіне алынған тұлғалардың резервте болудың бір жылдық мерзімі аяқталғанға дейін «Б» корпусының лауазымдарына конкурстан өтпестен тағайындала алатыны белгілі болды. Бұл ретте мұндай азаматтар оларды қай мемлекеттік органның ұсынысы бойынша резервке алғанына қарамастан, тиісті санатқа сәйкес кез келген мемлекеттік органдағы лауазымға орналаса алады. Сонымен бірге Жолдауда нақтыланғандай, «Б» корпусына жататын мемлекеттік қызметшілердің жалақысы 30 пайызға көбейетіні белгілі.

Өз кезегінде сөз алған облыстық «Азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайымы Әлима Әбдіхалықова Елбасының «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласы – Ұлт жоспарының орындалуының практикалық кезеңі басталуын айғақтайтын құжат екенін атап айтты.



– Қазақстанда саяси-қоғамдық реформалардың жүзеге асуы нәтижесінде азаматтық қоғам қалыптасып, оның маңызды саласы – үкіметтік емес сектор да сәт сайын даму үстінде. Сондықтан Елбасы мақаласындағы кез келген проблеманың әлеуметтік тиімді тұрғыдан шешілуін қамтамасыз етуде үкіметтік емес ұйымдардың алатын орны ерекше. Қызылорда облысының да үкіметтік ұйымдары, оның ішінде «Азаматтық Альянсы» қауымдастығының мүшелері жыл сайын мол тәжірибе жинақтап, әлеуметтік саясатты жүргізуде қоғамдағы ықпалды күшке айналып келеді,– деді Ә.Әбдіхалықова.

«Азаматтық Альянсы» үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығының мемлекеттік әлеуметтік саясатын іске асыруға, Ұлт жоспарын орындауға, жалпы аймақта әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына пәрменді жұмыс жасауға толық мүмкіншіліктері бар екенін айтқан қауымдастық төрайымы арманды шындыққа айналдыру жолында әрбір қазақстандық, біртекті ұлт болып аянбай еңбек етуге шақырды.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

**Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы және аудан әкімдерінің 2015 жылғы атқарған жұмыстары жөнінде тұрғындар алдындағы есепті кездесуінің**
**КЕСТЕСІ**

| № | Қала, аудан атауы | Өткізілетін орны | Өткізілетін уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қызылорда облысының әкімі Қ.Е.Көшербаев | Қызылорда қаласы, Н.Бекежанов атындағы драма театры | 17 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00 |
| 2 | Қызылорда қаласының әкімі Н.М.Нәлібаев | Қызылорда қаласы А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйі, | 12 ақпан 2016 жыл Сағат:10.00 |
| 3 | Арал ауданының әкімі А.С.Мұхимов | Арал аудандық мәдениет үйі, Арал қаласы | 4 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00 |
| 4 | Қазалы ауданының әкімі Н.Ш.Шамұратов | Қазалы аудандық мәдениет орталығы, Әйтеке би кенті | 3 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00 |
| 5 | Қармақшы ауданының әкімі С.Ы.Мақашов | Қармақшы аудандық мәдениет үйі, Жосалы кенті | 22 қаңтар 2016 жыл Сағат:16.00 |
| 6 | Жалағаш ауданының әкімі Т.Т.Дүйсебаев | Жалағаш аудандық мәдениет үйі, Жалағаш кенті | 5 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00 |
| 7 | Сырдария ауданының әкімі Ғ.Қ.Қазантаев | Сырдария аудандық мәдениет үйі, Тереңөзек кенті | 27 қаңтар 2016 жыл Сағат:10.00 |
| 8 | Шиелі ауданының әкімі Қ.Ә. Сәрсенбаев | Шиелі аудандық мәдениет үйі, Шиелі кенті | 3 ақпан 2016 жыл Сағат:11.00 |
| 9 | Жаңақорған ауданының әкімі Р.Р.Рүстемов | Жаңақорған аудандық мәдениет үйі, Жаңақорған кенті | 27 қаңтар 2016 жыл Сағат:11.00 |

● ӨНЕР – ӨМІР

# РУХТЫ ЖЫРДЫҢ РЫСБЕГІ ЕДІ...



Сонау 80-жылдарда, айы-күні есімде қалмапты, халық театры бөлмесінде Рысбек екеуміз нағашы-жиен болып, қағытпа сөзбен бір-бірімізді қажай әңгіме сүреңдетіп отырғанбыз. Кенет тақылдаған таяқтың дыбысы Мәдениет үйінің ұзын фойесін бойлай естілді. Рысбек айтып отырған әңгімесін жұмыршағына қайта жұтып, маған қарады. Мен де түсіндім. Бұл «шал келе жатыр» дегені. Шал дегеніміз ұстазымыз – Әбілхан Маханов болатын. Бөлме есігін айқара ашып, мал түгелдегендей жоқ көзінің қасын қимың-қимың еткізіп, жолбарыс дауыспен: «отырсыңдар ма?!» деп күркіреді. «Отырсыңдар ма?» деген сөздің астын кеулей, біз екеуміз «Ассалаумағалейкүмді» жаудырып жатырмыз.

– Ой, қу тұяқтар, әусек пен сәусек құсап отырғандарыңа не жорық?

Мен де шалт балаққа жабысқандай:

– Әбеке, «домашний аресттен» қашан босадыңыз? Айтпадыңыз ба, хабарласатын едік қой, – деп түрткілеп жатырмын.

– Әй, жарықпас, жайыңа отыр. – Ләйлә Қызылордаға кеткен, – деп өзіне ғана жарасатын ерекше күлкіге көміліп, саусағымен сау көзінің жасын сүртті.

– Қатын алғанның бәрі құрдас деген, ә? Сараң ашылған қабақтан көзі жылтырап, тіреу таяғын қос қолдап, иек тұсына сүйеді.

– Әй, құйын, сені домбыра ұстап жүр дейді ғой мына жұрт?! (маған емес Рысбекке айтып жатыр). Рысбек қопаң-қопаң етіп алды да:

– Нағашым Дәрiқұл жырау емес пе?! Ұстаса несі бар? – деп қылғына күлді. Әбекең:

– Жарадың, белбарысым, бүктеле бермей басыңды көтер деген осы. Талабың оң болсын! Ал енді Нұртуған ақыннан жаттағаның бар ма?

– Қолын төсқалтасына салып, сарғайған дәптерді суырды. – Тыпырши бермей бері кел. Нұртуғанның мына өлеңін жазып ал.

Көктен іздегені жерден табылған Рысбек дәптерді қолына алды. Қаламын қалтасынан суырып, «Кәнекей, тілім, сөйлеші, көрсетіп көкке өнерді» деген екі жолды ойдақтата тез жазды. Сөйтті де ұшып тұрып, бөлме ішінде әрлі-берлі жүріп алды. Жүрегі өкпи соғып, көзіне бөлменің оң жағында сүйеулі тұрған домбыра түсті. Сол сәтте... О, тоба, оның домыққан қысқа саусақтары пернеден пернеге зыр жүгіріп, ойнақ салды. Жалт бұрылып, өлеңге қайта шүйілікті.

– Жыбырлама, мақамың дұрыс емес, Нұртуғанның бұл өлеңі Құттық Мысабай жыраудың мақамына жайғасатынын білем. Соған салып көрші. Сөз бен мақам сүйіспесе жырда сүрең болмайды, солай, қаражорғам!

Рысбек бір қақырынып алды да басын жұлқи шайқап, Мысабайдың мақамына салып, төгілте жөнелді. Мақам мен сөз мұрындықтасып, бір бұйдада желмая жырды жыр керуеніне айдады.

– Төк, бала, төк! Пәлі, Аралдың қаражорғасы! Мына мақамың қаяздың қармасындай тәтті екен. Батамды бердім, баса бер. Борық болма, анық бол. Жыр теңізінде жүзетін балық бол, бақайбасарым! – деп Әбекең орнынан тұрып, ойлы қабағын есікке қадады.

Бұл оқиға Рысбек Әшімовтің өнер тізгінін өз қолына алғаш алған сәтіндей болып көрінеді маған.

Бұдан кейін Рысбек жыраулық өнерге басыбайлы ден қойды. Арал өңірінде дәстүрлі өнердің мақам-мұрасы, жыр-жақұты көнеден сақталған. Әйтсе де, аста айтылып, тойларда төгілтіп жүрген жыр кәсіби сахнаға Набат апамыз сүрең салып, Сұраған, Рысбек, Бекұзақ, Демеулер жалғастырды. Өңірдің дәстүрлі өнері кәсіптік сахнаға осы қайталанбас дауыстар арқылы келгендігін келешек білуі шарт. Қайран, Әбекең, мақам мен жырдың тағдырын тамаша таланттарға тапсырған болатын. Олар ұстаз үмітін ақтады.

*Терме-жыры қазақтың*
*төгілгенде,*
*Көкке қанат қағады көңіл демде.*
*Жырау жігіт желпініп*
*жолға түсті,*
*Жыр көбесі түн ауа сөгілгенде.*

Иә, Рысбек адами заттың біртектілік өнері жыраулық өнердің қазақ топырағында сақталғандығын бағзы бастау ғасырдан, қанда сақталған қасиетті өнерді бүгін мен ертеңнің түйсігін дәндеп, мақам майыстырып тамашасына таңғалдырғаны рас. Оның дәлелі, Алматыда өткен халықаралық Лорд конференциясында шеберлік класын өткізіп, 1994 жылы Ленинградта өткен бүкілдүниежүзілік «Ленинград көктемі» фестивалінде үздік өнер көрсетіп, Еуропа жұртшылығының музыка зерттеушілері көзіне ілікті. Кейіннен, 2002 жылы АҚШ-тың Вашингтон қаласында өткен әлемдік Снидсониян университетінің өнер фестивалінде шеберлік болмысымен таңғалдырғаны баршаға аян. Бұдан кейін Саха елінде (Якутия) өткен халықаралық ІІІ Лорд конференциясына жырау А.Алматов, Ұ.Байбосынова, Р.Әшімов, Ш.Орынбаева қатысып, қазақ өнерінің даңғайыр даралығын тағы да әлем жұртшылығына паш етті.

Рысбектің орындауындағы терме-жырлар 1994 жылы Ш.Төлепова, Б.Рүстембеков, А.Алматовпен бірге одақтық радионың «Алтын қорына» жазылып алынды. Осылайша Арал өңіріндегі жыршылық өнерді әлемдік сахнаға алып шыққан тұлға есебінде оның есімі ұрпақтың есінде қалды.

Қазақ өнерінің кие қазынасының қара нардай талантына теңдеген жапырақ жырды жалауындай желбіреткен, мақам-сазды мөлдіреткен, болмысынан дара Рысбек ортамыздан ерте кетті. Тәні тылсым жердің құшағында болғанымен, өнері өлместің өркен биігінде «Мен – Рысбекпін» деп болашақ жыраулық өнердің жампозы болып жасампаздана бермек.

Мен әңгімелеп отырған Рысбек Әшімов ешкімге ұқсамайтын талантымен теперіш көрген текті өнерді талай жерге сүйреді. Шәкірт тәрбиелеп, мұра өнерді мәңгілікке қалдырды.

Міне, ұлы тіршіліктің тағы бір беймаза күні басталды. Алыстан Рысбек салған ән қара жорғадай қан қыздырып, үн-ұрандай рух үкілетіп, түйсік тазалайды. Шағаласы шулаған, толқындары билеген көк айдын менмұндалап, әлденені іздеген рухты жырдың Рысбегі күн астында теңіз кешіп бара жатыр.

**Оңталап НҰРМАХАНОВ,**
**ақын, ҚР мәдениет қайраткері.**
Қызылорда қаласы.

# ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕНЖАРЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

1-бет

Иә, өткен күндердің естелігін, еліне қалтқысыз қызмет еткен ардақты азаматтарды неге сөз етіп отырмыз? Себеп біреу – нақты кезеңде Шиелі ауданындағы білім бөлімі мен денсаулық саласының жұмысы халықты қанағаттандырмайды. Жайсыз әңгіме көп, кей мектеп басшыларының келеңсіз қылықтары сөз етіледі. Жарты ставкамен сабақ беретін мұғалімдер баршылық. Жұмысқа қабылдауда маманның білім сапасына емес, сыбысқа қарағанда, бармақ басты көз қысты әрекеттерге көбірек жол берілетін секілді. Сағат бөлу, түрлі байқаулардың қорытындысы қалтаға қарап шешіледі-міс. Осындай олқылықтардың салдарынан сабақ, тәртіп мәселесі босаңсыған. Мұны жолға қоятын білім бөлімі басшысының келуінен кетуі жылдам. Кейінгі он жыл көлемінде білім бөлімінің меңгерушілігінде 5-6 ауыс-түйіс болды. Соңғы басшысы Э.Тәкен облыстық тәртіптік кеңес шешімімен қызметінен шеттетілді. Сол секілді аудандық денсаулық саласындағы да жағдай көңіл көншітпейді, жүйелі жұмыс жоқ, аурушаңдық басым, ана-мен бала өлімі аудандар ішінде алдыңғы қатарда. Құдай ауыртпасын, егер ауырып алдына бара қалса, дәрігерлер өзінің ант берген міндетті жұмысына салғырттанып, сүйретіліп зорға жүрген науқастарды ұзақ күттіріп қоюдан ұялмайды. Есепте тұратын науқастарға тегін берілетін дәрі-дәрмек жөнінде де күңкіл бар. Кәсіби біліктілік те, қызмет көрсету мәдениеті де төмен. Халық қаржысынан айлық алатын ақ халаттылар алдына келген жанға тәкаппар қарайды, астамси сөйлейді. «Жедел жәрдемнің» жұмысы да жұрттың ызасын келтіреді. Кешігіп келетінінен бөлек, «Аспирин» ішпедің бе?» деп екі көзі төрт болып жатқан ділгір жанға арзан ақылмен «жәрдем» көрсететін фельдшер мен медбикелер де кездеседі. Біліктілігіне шындап сынақ алатын болса, бұлардың да бірсыпырасы сөмкесін тастап шыға келетін шығар-ау.



Ауданның аталмыш саласын кешеге дейін басқарып келген бас дәрігер Қ. Шәукебаев облыстық денсаулық басқармасы басшысының бұйрығымен жуырда қызметінен босатылды.

Бір кереметі – сөз етілген екі сала жұмыссыз жүргендердің бас сауғалайтын мекеніне айналғандай ма?! Өйткені, олардың көпшілігі өз мамандығын құрметтеуден гөрі нәпақа айыратын, мүмкін болса, тиын-тебен табуға қолайлы, олжалы жер деген түсінікке әуес пе деген де күмән қылтияды.

Мемлекет басшысы айрықша назар аударып отырған білім мен денсаулық саласының Шиелі ауданында төменгі деңгейге түскендігі құзырлы орындарда арнайы қаралғандықтан, халық наразылығын туғызып отырған жағдайларды әзірше жалпылама ғана ортаға салдық. Бәлкім, кезі келгенде тақырыпқа қайта ораламыз. Сонымен, мұнда «Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар» шөре-шөре жағдайдың қалыптасқандығы қынжылтады. Бұл тұрғыда жергілікті атқарушы орын мен аудандық мәслихаттың да үні естілмейді.

Елбасы ел дамуының Ұлт жоспарын жасатып, елімізде үлкен бетбұрыс жасап жатқан шақта, елге адал қызмет еткен Зермұхамбетов пен Кәрімбаев Шиеліге қазір де керек еді-ау, деп амалсыз ойланасың.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Шиелі ауданы.

● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

# "АҚШАБҰЛАҚТА" АЛЛЕЯ ЖАСАЛАДЫ

Өзінің саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, өмір бойы бір салада еңбек еткен, қазір құрметті еңбек демалысына шыққан ардагерлерге лайықты сый-сияпат көрсету – әр мекеме, қоғамдық ұйымдардың басты міндеті. Сондай мекемелер қатарында "ҚазГерМұнай" компаниясы да бар. Қазіргі таңдағы дағдарысқа, мұнай бағасының төмендеуіне қарамастан, сала басшылары ардагерлерге лайықты құрмет көрсетіп келеді. Мәселен, Жаңа жыл мерекесінде компания басшылығы ардагерлерді мол дастарханбасына жинап, олармен ашық әңгіме жүргізді. Компания бас директорының жалпы жұмыстар жөніндегі орынбасары Айтбай Көшербаев зейнеткерлердің талап-тілектеріне құлақ түрді. Отбасы жағдайын, тұрмысы мен бала-шағасының денсаулығын, тіршілік тынысын сұрастырды. Компания есебінен тегін емделуге, демалуға биыл да мүмкіндік жасалатынын жеткізді.

Алдағы уақытта "Ақшабұлақ" кен орнынан "Ардагерлер алеясын" жасау жоспарға енгенін, онда демалу үшін барлық жағдай жасалатынын айта келіп, зейнеткерлердің өтініш-тілектерін сұрастырды. Мерекеге келген ардагерлерге лайықты сый-сияпат көрсетілді.

Ардагерлер өздеріне көрсетілген құрметке компания басшылығына шын көңілден ризалық білдірді.

**Рәзия ҚАЛЖАНОВА,**
**"ҚазГерМұнай" компаниясы ардагерлер кеңесінің төрайымы.**

# БАЛАҒА АЛДЫМЕН АТА-АНА ЖАУАПТЫ

**Жақында облыстық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өткен жылғы атқарған жұмыстары жайлы сот судьясы Қайрат Бержанов БАҚ өкілдерінің алдында есеп берді.**

– Өткен жылы мамандандырылған ауданаралық сотына 55 адамға қатысты 48 қылмыстық іс және 353 талап арыз, 1149 әкімшілік құқық бұзушылық ісі түсті, – деді судья. – Қылмыстық істердің 35-і бойынша 37 адам сотты болса, 13-і бойынша қаулы қабылданып, 16 адамға қатысты іс өндірістен қысқартылды. Сот үкімімен 4 адам бас бостандығынан айыру жазасына кесіліп, шартты түрде сотталды. Ал 9 адам бас бостандығынан айырылса, тағы 9-ы бас бостандығынан шектеу жазасына ұсынылды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі ауданаралық сотта қаралған істер де сан алуан. Бұзақылық пен ұрлық, алимент төлеуден жалтару мен балаға тәрбие көрсету міндеттерін орындамау, қорқытып алу мен тонаудан өзге жасөспірімге қатысты азғындық әрекетке бару ісі де азаймай отыр. Есепті мерзімде 8 адам жасөспірімге қатысты азғындық әрекетке барса, 11 адам кәмелетке толмаған балаға тәрбие беру міндеттерін орындамағаны үшін жазалы болды. Мәселен, Байқоңыр қаласының тұрғыны 53 жастағы М.О. 2001 жылы туылған Асылжан атты баласын әлі мектепке бермеген. 14 жасар жасөспірім Байқоңыр қаласындағы бір үйдің сыртқы есігін бұзып кіріп, ұрлық жасағаны үшін айыпталған. Ауданаралық соттың үкімімен баласын осы уақытқа дейін мектепке бермегені, оның тәрбиесіне салғырт қарағаны үшін анасына 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды. Сонымен қатар оны ата-аналық құқығынан айыру не болмаса шектеу туралы мәселе Қызылорда қалалық білім бөлімінің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымының назарына ұсынылды. Алайда, сот шешімінің шыққанына үш ай өтсе де, оның орындалмауы көңіл алаңдатады. Бұл – бір ғана мысал. Есепті мерзімде сот үкімі бойынша 66 адам ата-аналық құқығынан айыру жазасына кесілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Демек, бірқатар ата-ананың өз бауыр еті, көзінің нұры баласының алдындағы жауапкершілігін сезіне бермейтіндігін білдіреді.

Бүгінгі бала – ел болашағы. Жас құрақтай өсіп келе жатқан жасөспірімді бұзақылықтан, ұрлықтан аулақ, таза адами қалыпта ер жеткізу біздің, әрбіріміздің міндетіміз. Балаға алдымен ата-ана жауапты.

**Жұмагүл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**




## ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

**«Сенім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** 2016 жылға орналастырылған тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша келесі медициналық көмектің түрлері мен нысандары туралы хабарлайды:

Мамандандырылған және жоғары мамандандырылған түрі бойынша: білікті және мамандандырылған қызмет.

Жоғары мамандандырылған медициналық қызметтердің тізбесі: амбулаториялық-емханалық көмек: алғашқы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмек, стационарды алмастыратын көмек бойынша тіркелген халыққа қызмет көрсетеді.

**Тел.: 8(7242) 22-19-95.**

## ҚҰРМЕТТІ ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫ!

Назарларыңызға! Сіздер үшін «Халықтық бақылау» жүйесі жұмыс істейтінін хабарлаймыз.

Жүйе Сізге коммуналдық, құқықтық және әкімшілік қызметтерді бақылауға мүмкіндік береді. **hb.orda.gov.kz** сайтына тіркеліңіз! Өлкеміздің өркендеуіне үлес қосыңыз!

Сіз бен біздің ортақ бақылауымыз – өлкеміздің тыныштығы мен тазалығының бірден-бір кепілі. Толықтай ақпаратты жүйе сайтынан алуға болады.

## МОБИЛЬДІ ТОПТАР ҚҰРУ ЖӨНІНДЕ

**Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті төмендегіні мәлімдейді.**

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болып қабылдануына байланысты бірқатар тауарларға төменгі кедендік алым мөлшері қолданылады. Бүгінгі күні ҚР Ұлттық Экономика министрлігімен төмендетілген баж алымы қолданылатын тауарлар Тізілімі (1347 түрінен) жасақталды.

Аталған Тізілім kgd. gov.kz сайтында орналастырылған.

Тізілімге енгізілген тауарлар Кедендік одақтың Кедендік кодексіне сәйкес шартты түрде шығарылған болып есептеледі және Қазақстан Республикасы аумағынан Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мемлекеттер аумағына шығаруға жатпайды.

Осы айтылғанға байланысты, ЕАЭО жөніндегі келісімдерге байланысты мемлекеттік кірістер органдары Тізілімге енген тауарлардың әрі қарай өткізілуін бақылайды.

Аталған бақылау электронды шот-фактура ақпараттық жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады (ЭШФ АЖ).

Осыған байланысты аталған тауарлардың импортын жүзеге асырушы барлық сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар ЭШФ АЖ-на тіркелуі тиіс.

Осы талаптар Тізілімге енген тауарларды өндіріп, ЕАЭО аумағына экспорттаушы барлық шаруашылық субъектілерге де қатысты.

ЕАЭО аумағына шығарушы шаруашылық субъектілер шығарылатын тауарлардың электрондық шот фактурасын және кедендік декларациясын мемлекеттік кірістер органдарына растауы қажет.

Өндіруші шаруашылық субъектілер тауардың шығарылған жері туралы сертификатын ұсыну қажет.

Жоғарыда аталған талаптардың орындалуын бақылау мақсатында мемлекеттік кірістер органдары бойынша арнайы жарақталған автокөлікпен, байланыс құралдарымен, арнаулы киіммен жасақталған мобильді топтар құрылды.

Мобильді топ Тізілімге енген тауарлардың айналымын зерделеу, хронометражды бақылау және тексеру жүргізу арқылы бақылайды.

**Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Касбаев Еркин Назарбаевичтің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Қараөзек» шаруашылық серіктестігінен берілген жер участкесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-018-032, №0015278 12.04.1999 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Аяғанов Қанат Асқарұлының атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Фима Скатков көшесі, 10-үйге берілген сыйға беру келісім-шарты (№920 14.01.2015 ж.), жер участкесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-008-419, №0235316 05.01.2015 ж.) түпнұсқалары, техпаспортының телнұсқасы (дубликаты) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Смайл Темірлан Бауыржанұлының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы №45 «Ақ Орда» мектеп-гимназияны 18.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ 0732322 аттестаты қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ршаев Абдулла Мусилимовичтің атына Қызылорда қаласы, «Болашақ» бау-бақша серіктестігінен берілген жер участкесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-031-475, №0083617) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Махатова Акмарал Муратбековнаның атына Қызылорда қаласындағы №136 Т.Жүргенов атындағы мектепті (қазіргі Темірбек Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицей) 07.07.1997 жылы бітіргені жөнінде берілген МОБ №0029729 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ысқақова Зарипа Әбутәліпқызының атына Қызылорда қаласындағы №3 кәсіптік-техникалық училищесін «Киім тігудің шебері» мамандығы бойынша 20.06.1994 жылы бітіргені жөнінде берілген Е №239021 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Бугыбаев Ержан Кайыпбергеновичтің атына Қызылорда қаласындағы №172 қазақ орта мектебін 19.06.2006 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1619570 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Еуразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 28344
Тапсырыс № 56
Электронды оқылым – 28000.